№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# *«Зорлық –зомбылықтың алдын –алу» бойынша атқарылатын іс –шаралар*

2022-2023 оқу жылы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **№304** **ПРИКАЗ**

**Қаратал ауылы** **«27» «10» 2022 жыл**

**Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында зорлық - зомбылықтың алдын алу туралы**

## БҰЙЫРАМЫН:

1 Мектепте кәмелет жасқа толмағандар арасында зорлық -зомбылықтың, әлімжеттіліктің алдын алу бойынша іс-шара жоспары жасалынып бекітілсін.

2. . Құқықбұзушылық пен қылмыстың, зорлық- зомбылық пен әлімжеттіліктің алдын алуға, түнгі беймезгіл уақытта кәмелетке толмағандардың жүруінің алдын алу мақсатында күндізгі, түнгі рейдтік профилактикалық іс-шаралар (кезінде) ұйымдастырылсын.

3 ҚР-ның заңы бойынша зорлық-зомбылық әлімжеттіік, ұрлық туралы баптарға түсінік бере отырып түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып,тренингтер өткізу мектеп педагог-психологы Б. Кенжебаеваға жүктелсін

4. Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасында ашық тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, әңгіме- сұхбаттар мен мектеп инспекторымен кездесулер өткізіп, видеороликтер көрсетілсін

5 Осы бұйрықтың орындалуы мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры: Г. Бекжанова**

"Бекітемін"
Мектеп директоры:
Г. Бекжанова

# *№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының «Зорлық –зомбылықтың алдын –алу» жөніндегі іс –шаралар жоспары*

**Мақсаты:** балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасында және оларға қарсы құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздік шараларын жетілдіру.

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | "Сенім" жәшігі мен телефондарының жұмысын қамтамасыз ету. | Тоқсан сайын | ДТЖО<br>М. Кузенбаева |
| | ҚР "Тұрмыстық зорлық - зомбылық профилактикасы туралы" заңының негізгі бағыттарын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңнамаларын оқушылар, ата-аналар және педагогтар арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру | Қыркүйек | ДТЖО<br>М. Кузенбаева |
| 2 | "Бақытты балалық шақ" сурет байқауы. | Қазан | Көркем еңбек пәні мұғалімі<br>У. Шуменов |
| 3 | Жастар ұйымдарының, ата-аналар қауымдастығының қатысуымен "Түнгі қаладағы балалар", "Отбасындағы қатігездікке жол жоқ!" рейдтік іс-шаралар | Тоқсан сайын | ДТЖО<br>М. Кузенбаева |
| 4 | Қауіпсіздік сабақтары "Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!",Балалық шақ-зорлық, зомбылықсыз"<br>(5-11 сыныптар) | Желтоқсан | Сынып жетекшілер |
| 5 | "Зорлық -зомбылықсыз әлем құруға бола ма?", "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыптарында эссе байқауы. | Ақпан | Қазақ тілі пәні мұғалімдері<br>А. Сейтжанова<br>Тулекова Б |
| 6 | "Балалардың қатігездік пен зорлыққа қарсы тұрудағы мектеп пен отбасы ынтымақтастығы панорамалық сабақ | Наурыз | ДТЖО<br>М. Кузенбаева |
| 7 | "Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ" ата-аналар жиналысы | Тоқсан сайын | Сынып жетекшілер |
| 8 | "Жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық" бойынша 7-11 сынып оқушылары арасында сауалнама | Тоқсан сайын | ДТЖО<br>М. Кузенбаева<br>Мектеп медбикесі<br>А.Сұлтанқұлова |

ДТЖО : М. Кузенбаева

## Анықтама

2022-2023 оқу жылында қыркүйек айының 27-і күні №52 С Бегалин жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Келес АІБ-нің полиция капитаны Д. Тоғызбаев ,ДТІЖО М. Кузенбаева және мектеп психологы Б. Кенжебаевалар бірлесе отырып 7-11 сынып оқушылары арасында жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық бойынша сауалнама алынды.

Сауалнамаға 7-ші сыныптан – 30 оқушы, 8-ші сыныптан – 15 оқушы, 9-шы сыныптан – 15 оқушы, 10-шы сыныптан – 18 оқушы, 11-ші сыныптан - 8 оқушы қатысты. Жалпы 94 оқушыдан алынды.

Сауалнамадағы негізгі сұрақтар:

**1.**Сен, зорлық-зомбылыққа тап болдыңба?- деген сұраққа оқушылардың 100%-ы жоқ деп жауап берген.

**2.** Зорлықты кім көрсетті?- деген сұраққа оқушылардың 100%-ы **«ешкім»** деп жауап берген.

**3.** Зорлықты қандай әрекет арқылы көрсетті? –деген сұраққа оқушылардың 100%-ы **«ешқандай»** деп жауап берген.

Сауалнама нәтижесінде ешбір қауіпті фактілер, күдіктер анықталмады.

Оқушыларға егер, қандай да бір зорлық-зомбылықтың құрбаны болса немесе кеңес қажет болса, онда мектеп психологтарынан көмек сұрап немесе мектеп «Сенім жәшігіне» хат жазуға болатындығы туралы кеңес берілді.

Мектеп директоры Г. Бекжанова

ДТІЖО М. Кузенбвева

Келес АІБ-нің
ЖПҚ ЮПТ-ның
Полиция капитаны Д. Тоғызбаев

Педагог-психолог Б. Кенжебаева

Түркістан облысы Келес ауданы
№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



# Эссе
# "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ"

Орындаған: 11 сынып оқушысы
Абдуали Үміт

2022-2023 оқу жылы

# Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ

Қазіргі таңда тәуелсіздік алған мемлекетіміздет зорлық-зомбылыққа жол жоқ.Оның етек алуы отбасынан басталады.Отбасындағы салауаттылық-өркениетті қоғамның талабы,өйткені ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар көбінесе отбасында дамып,қалыптасады.Балалар-еліміздің болашағы.Тек балалар үйінің тәрбиеленушілері ғана емес,қарапайым отбасы балаларыда зорлық көруде.Барша адамның жауына айналған алкоголь ішімдіктері көптеген адамдарға зардабын шектіруде.Ішімдікке масайған ата-ана,балаларын қараусыз қалдырып,оларға қол жұмсап,тағдырдың тәлкегіне салуда.Ал,өмір есігін аша сала далада қалатынына не дерсіз?!Қазірде Қазақстанда көптеген аналар жаңа туылған сәбилерін дала тастап кетуде.Әрине,өз құрсағынан шыққан баланы далад қалдырып,өз болашағына,баланың болашағына балта шабады.Ананың бесік жырынан басталатын қарым-қатынасы,іс-әрекет,әдет-ғұрып,салт-дәстүр осылардың бәрі адамның дүниетанымын,сана-сезімін,мінез-қалыптастыратын тәлімдік мұра.

Жан азабын шектірген зорлық-жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне,өз құқықтары мен мүдделерінқорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту,адамның психикасына әсер ету. «Ана-сая болар бағың болса,Әке-асқар тауың» дейді қазақта.Бір күн бар жылатар күн,жұбатар күн.Бір күн бар қуантар күн мұңайтар күн. «Жақсыдан жаман туады,бір аяқ асқа алғысыз.Жаманнан жақсы туады,адам айтса нанғысыз» дейді халқымыз.Отбасындағы ата-ананың мінез құлқы-баланың көз алдындағы үлгі,өнеге алатын,оған қарап өсетін нысаны.Нашақорлық,ьемекіге,ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады,еңбек етуге,қоғамға,денсаулыққа,ұрпаққа,отбасына зиянын тигізеді.Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. «Тәрбиесіздік-ол адамзаттың қас жауы,тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабаыиз Әбу насыр әл Фараби.Балалар құқығын қорғау-егемен еліміздің асты құндылықтарының бірі.Сол үшін

өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып,қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек.Балаларға қамқорлық жасау,баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу-бұл тек мемлекеттің ғана емес,соынмен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті...Мен былай дегім келеді.

Әлемнің бір адамы ретінде

Ақ жүрегіммен сөз беремін

Өзіме,жанымдағыларға

Күннің шуағын,гүлдің нәзіктігін сыйлаймын.

Қараңғыны нұрландырамын.

Суықты жылытамын.

Дәл қазір маған қиын болғанмен жасымаймын,

Әр күні өзімнің жан дүниемді

Тазартуға тырысамын.

Менің жүрегім қуанышқа,махаббатқа,

Мейірімге бөленеді.Келер күннің шұғылалы боларына сенемін,

«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын».

Түркістан облысы Келес ауданы
№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# ЭССЕ

# "Зорлық – зомбылықсыз әлем құру"

Оындаған: 9 сынып оқушысы
Пәзілбек Ұлжан

2022-2023 оқу жылы

## Зорлық – зомбылықсыз әлем құру

Бүгінгі күнгі бала өмірі мен оның болашағы мені катты алаңдатады. Себебі, жастардың көбі оңы мен солын ажырата алмай көбіне жаман жолға түсіп кетеді. Оған кінәлі – қоғам деп есептеймін. Ал, қоғамға осындай жеткіншектер косатын әрине, ол – отбасы. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», - деген атам сөздің түп – төркінін осыдан - ақ ұғуға болатындай. Сәби шыр етіп дүниеге келгеннен кәмелеттік жаска толғанша – ата – анасының камкорлығында болады. Демек, олардың өмірде өз орындарын табуларына, азамат болып калыптасуларына тікелей ата – аналар жауапты. Олар бізге кандай сокпақ салып берсе – біз де сол бағытта жүреміз. Ал, балалык шағы тек киындық, зорлык – зомбылыкпен өткен баланың болашағы бұлыңғыр емес пе? Өз басынан өткенін алдағы уакытта қайталамасына кім кепіл? Казіргі коғам балалары туа біткен бір шеберлікпен туғандай. Өйткені, өз құқыктарын өте жаксы біледі. Бәрін де үлкендерден артык түсінеді. Дегенмен, соның барлығы сактала бермейді және балалардын көбі өз міндеттерін білгілері де келмейді. Ол да балалык күннің зардабы деп білемін. Отбасында әкелік мейірім, аналык жылу сезбеген баланың суыққанды, тасжүрек болып өсетіндігі де айдан анык. Туа салысымен камшының дәмін, өмірдің ащысын сезетін балалар да жоқ емес. Жастайынан кара жұмыс күйттеп, күнде таяк езгісінде болатын балаларға жаным ашиды. Олардын мұндай өмірлеріне карсымын да. Өйткені, осындай балалардан ұрлыкшы, канішер, жауыздар шығады. Олардын болашакта адам өлтіріп немесе біреуді тонап кетпеуіне кім кепіл? Анасының күнделікті айғайы немесе туыс – туғандарының үздіксіз жұмыска салып, еңбегін пайдаланып жататын жағдайлар да кездеседі. Ол алдыңғы толкын үшін өте пайдалы, себебі: бала еңбегі аз төленеді. Оларға көп көлемде акша беріп кажет емес. Ол – ағаларымыздың калталарының калыңдауына көп мүмкіндік туғызады. Сол үшін де ол кісілер бала еңбегін пайдалануды дұрыс деп санайды. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Себебі, жастайынан буыны катаймаған жасөспірімдер ерте еңбекпен айналысса уакыт өте жұмыска жарамсыз болып калады. Сол үшін де әр нәрсенің өз уакыты бар екендігін ешқашан естен шығармаған абзал. Әр отбасы өз балаларына мейірімділік танытып, әр сәбиге мейірімділік көрсетіп, еш қинамай өсірсе – әлем де зорлық – зомбылыксыз болар еді. Сөзімді корыта келе айтарым: іргетасы отбасында калай каланса болашақ ұрпақ сондай болмақ. Сол үшін әлемді гүлдендіру – бақытты балалык шақ пен ата – ана мейірі деп санаймын. Зорлық – зомбылықсыз әлем құру – барыс текті ұрпактың саналы болып өсуінің кепілі.

№52 С. Беғалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# ЭССЕ

# «Зорлық-зомбылықсыз әлем қалай құруға болады? »

Орындаған: 9 сынып оқушысы
Насырхан Ғазиза

2022-2023 оқу жылы

# Зорлық-зомбылықсыз әлем қалай құруға болады?

Бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі зорлық пен зомбылық. Бұл мәселе тек Қазақстанда ғана емес сондай-ақ әлемдік мәселелерінің біріне айналуда. Зорлық-зомбылық дегеніміз – бір адам екінші адамның құқықтарын бұзу жәнеде психикалық ықпал етуі. Адам зорлықты екі түрде жасай алады: біріншісі ол – тәндік, ал екіншісі – ол рухани. Тәндік жасалған зорлық дегеніміз – адамды ұрып-соғу, денсаулығына зақым келтіру сонымен қатар азаптап, денесіне жарақат салу. Ал рухани зорлыққа ол адамның психикасын бұзу, қорлау. Сондықтан да, зорлық-зомбылық тақырыбы барлық мектептерде тәрбие сағаттарында қаралып, ал үйде ата-аналарымыз қаперімізге салып отырады. Мен бұл тақырыптың мектепте берілуін бір жағынан құптап, бір жағынан қарсымын. Себебі, біз әлі мектеп оқушыларымыз біздің міндетіміз сабақ оқып, білім алып биік белестерді бағындыру, сондықтан мұндай тақырыптардың айтылуы баланың басын улауы, үрей мен қорқыныш тудыруы мүмкін, баланың ойының бөлінуіне әкеліп соғады деп ойлаймын, ал бір жағынан, қазіргі заман талабына сай, мектептерде айтылуы қажет деп ойлаймын. Себебі қазіргі заман тым өзгеріп кетті үлкенді-үлкен, кішіні-кіші демейді.Адамдар әр түрлі айуандыққа барады, әртүрлі зорлық-зомбылық қылады, біреуі содан рахат алу үшін, біреуі амал қалмағандықтан, біреуі мәжбірлегендіктен, біреуі ақшадан тарлыққаннан, күн көру үшін.

Біз ауылды жерде оқығандықтан ондай жағдайларды естімейміз, бірақ біз өмір бақи ауылды жерде жүре бермейміз ғой, ертеңгі күні мектепті бітіріп, үлкен өмірге аяқ басып қадам жасайтын боламыз, қалалы жерге оқуға кетіп, әр түрлі адамдармен танысамыз, ертең бәрібір сондай ортаға барғанда біреуден жәбір не болмаса қиямен көрмеу үшін, қазірден бастап мектеп кезімізден хабардар етіп, сақтандырып отырады. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін, жаман әдеттен бойларымызды аулақ ұстау, ондай әрекеттерге артымыздан келе жатқан кішкентай іні-сіңлілерімізді жамандық жасамауға, жаман әрекеттерге бармауға тәрбиелеу немесе ондай әрекеттерден сақтандыру адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау барлық адамның міндеті. Адамдардың бойында адамгершілік қасиеттің болса, ондай адам –

ешқандай жамандық жасамайды, зорлық-зомбылықсыз әлемнің кепілі болады.
Менің ойымша адамгершілік қасиетті бойымызға дарытуға мектеп пен отбасымыз жауапты. Үйде анам мен әкем әрдайым ақыл айтып «тура жолдан адаспай, жамандықтан жиреніп, жақсылыққа үйреніп жүріңдер, үлкенді сыйлап, құрметтеп, кішкентайларға қамқор болыңдар», - дейді. Егер әрбір баланың отбасы жастайынан осылай тәрбиелесе, ол бала жамандыққа қайдан жоласын? Сондықтан да барлық жағдай отбасынан бастау алады. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деп жай айтылмаса керек?!

**№ 52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінде мұғалімдер мен ата-аналар арасында жүргізілген жиналысының**

## ХАТТАМАСЫ №1

**29.09.2022ж** **Қаратал ауылы**

Қатысқандар саны -35

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер**

1.Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлықтың алдын алу туралы» Заңында балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелері туралы түсіндірме жұмыстары.
2. Балаларды бала еңбегінің ең жаман түрі мен экономикалық қанаудан қорғау.

**Тыңдалды.**

Мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева , казіргі таңда балалар арасында, ата-ана мен балалар арасында зорлық -зомбылык өршіп тұр. Зерттеу жұмыстарына сүйене отырып келесі мәліметті айтқым келіп отыр,Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақмола облыстары мен Алматы қаласындағы зорлық-зомбылықтың себептері мен көлемдерін айқындалды.
Сауалнамаға қатысқан 1300 баланың, оның ішінде бастауыш мектеп оқушыларының - 14%, орта және жоғары жастағы мектеп оқушыларының 22% тепкі, түрткілер, ұру түріндегі тәни зорлық-зомбылық құрбандары болғандықтарын айтады.
Сексуалды зорлық түріндегі зорлықтарға бастауыш мектеп оқушыларының – 2%, орта және жоғары жастағы мектеп оқушыларының - 3% душар болған, ал балалардың 12% оқушылардың арасында қудалауларға душар болған, оның ішінде 9% ұзақ мерзімге.

**Екінші мәселеге тоқталатын болсақ,**

Бала құқыктарына қатысты бала еңбегін канаудан қорғау максатында Қазакстан Республикасы заңнамаларын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, «ҚР балалардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша кейбір заңнамалык актілерге өзгерістер мен толыктырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңында «баланы экономикалық қанау» ұғымы енгізілген және баланың экономикалық қанаудан қорғалу құқығы бекітілген. Ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды)

және (немесе) қауіпті жұмыстарға он сегіз жасқа толмаған азаматтардың еңбегін пайдалануға болмайтын өндірістер мен жұмыстар тізімі Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылы 31 шілдедегі № 185-ө бұйрығымен бекітілген. Бала еңбегін пайдаланған лауазымды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.Мектебімізде бала еңбегін қанауға қарсы профилактикалық рейдтер, бала еңбегінің ерекшеліктері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу, кәмелетке толмағандармен әңгімелесу, дөңгелек үстелдер, байқаулар және концерттер ұйымдастырылады.Кампания жұмысы барысында жыл сайын 300 мыңнан астам балалар мен ересектердің қатысуымен төрт мыңнан астам іс шаралар ұйымдастырылады.

**Қаулы**

1.Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлықтың алдын алу туралы» Заңында балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

2. Балаларды бала еңбегінің ең жаман түрі мен экономикалық қанаудан қорғауқолға алынсын.

Жиналы төрайымы: Г. Бекжанова

ДТІЖО: М. Кузенбаева


ЗОРЛЫҚ
ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ
БАЛАЛЫҚ
ШАҚ


ЗОРЛЫҚ
ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ
БАЛАЛЫҚ

**№52С.Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің "Зорлық-зомбылықтың алдын алу " акциясы аясында өткізілген 7-11 сынып оқушыларымен өткізілген жиналыстың**

**Хаттамасы**

22.10.2022ж Қаратал ауылы.

**Күн тәртібінде:**

Қатысқандар:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - М. Кузенбаева
Педагог-психолог - Е. Құрбанбеков
Сынып жетекшілер

5-10 сынып.

**" Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында тұрмыстық зорық - зомбылықтың алдын алу"**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева сөзге шығып қоғам үшін ең бастысы тәуелсіздік адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі заңдылық. Физикалық зорлық-зомбылық балаға қатысты емес, баланың не ересектің тарапынан физикалық зардапқа әкелетін баланың денсаулығына, оның өмірінің ұзақтығына, дамуына өзін-өзі бағалау сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін. Физикалық күш көрсету арқылы жасалатын әрекеттер зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететін оқушыларымызды жаман әрекеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау деп сөзін аяқтады.

Жарыс сөзге шыққан қыздар кеңесінің төрайымы: А. Сейітжанова физикалық зорлық- зомбылық ретінде бағаланатын іс-әрекеттің түрлері қол соққы, ұру, итеру, тебу, тұншықтыру, шапалақ тарту, сілкілеу, қандай да бір затпен не қарумен шабуыл жасау, физикалық зорлық-зомбылық керісінше

балаға залал не жарақат әкеледі, тіпті баланың мүгедек болуына, не қайтыс болуына да соқтыруы мүмкін. Жыныстық сипаттағы сөздерді айту, не қысым көрсету қандай да бір баланың не ересектің балаға қатысты жыныстық алдап арбауы, нәпсіқұмарлық сипатта ауызша не физикалық қысым көрсетуі туралы айтты.

**Жарыс сөз.**

Жарыс сөзге шыққан мектептің психологы Е. Құрбанбеков психологиялық зорлық-зомбылық балаға назар аудармау, кері итеру, бақылау, баланы қорқытуға, үрей сенімін тудыруға, баланың мінезіне ықпал етуге, оның өзін-өзі құрметтеу, өз бағасын білу сенімін жоюға, әлеуметтік дамуымен жақсы өмір сүруіне кедергі келтіруге бағытталған зорлық-зомбылықтың зардабы және іс-әрекеттік қимылдар схемасына қамтитынын айта келе зорлық-зомбылық жауапкершілік әрекетіне баланың өзін керексіз, кемістігі бар сүйкімсіз және қараусыз болып табылатынына сендіру үшін жасалатын мазақтау, балағаттау, кемсіту, ұялту және дөрекі сөздер айту сияқты нервалды әрекеттер кіреді. Ол сондай-ақ баланы қорқыту және оны бақылау үнемі қорқыныш сезімін тудыру мақсатында физикалық залал келтіре отырып балаға қауіп төндіру сияқты іс-әрекеттік қимылдары туралы толық мағлұмат берді.

**Шешім.**

1.Зорлық-зомбылықтың алдын алу акциясы қанағаттанарлық дәрежеде өтті деп есептелінсін.

2. Зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары оқушылар арасында кеңінен жүргізілсін және оның жауапкершілігі психолог Ж.Жакиповка және сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: М. Кузенбаева

Хатшысы: Б.Тулекова

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінде өзіне -өзі қол салу, отбасында зорлық -зомбылық пен әлімжеттілік жағдайларын болдырмаудың алдын алу мақсатында ата-аналармен, сынып жетекшілермен және педагогикалық ұжым арасында өткізілген жиналыстың**

# ХАТТАМАСЫ

**15.12.2022** **Қаратал ауылы**

Қатысқандар:

Ата-аналар -26
Мектеп директоры - Г. Бекжанова
Дир. тәрб. орынбасары - М. Кузенбаева
Әлеуметтік -педагог - Е. Құрбанбеков
Педагог психолог - Б. Кенжебаева
Педагогикалық ұжым -22

**Қаралатын мәселе:**

**- Кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол салу, зорлық-зомбылық пен әлімжеттілік жағдайларының , ерте жүктіліктің алдын алу, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру**

Мектеп директоры Г. Бекжанова , құрметті ата-аналар, адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады. Елімізде зорлық-зомбылыққа қатысты 20 дағдарыс орталығы бар.
Әйелдер мен балаларға арналған зорлық-зомбылық проблемасы елімізде елеулі мөлшерде асқынды. Статистикалық мәліметке қарағанда елде жыл ішінде 500-дей әйел мен бала тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болады екен.

Отбасынан баланың қашуының басты бір себебі – жанұядағы зорлық-зомбылық. «Отбасылық қарым-қатынаста дағдарыс туындағанда, одан ешкімнің ештеңесі кетпейді» деген түсініктен арылу керек.Кикілжіңі көп болатын отбасында өскен балалар есейген соң не әкесінің, не шешесінің отбасында өзін-өзі ұстау үлгісін алады. Бала біздің болашағымыз,келешегіміз, балаларыңыздан мейірімдеріңізді аямаңыздар.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева,** отбасы - шағын мемлекет десек бұл оның қоғамдағы алар орнына қарай айтылса керек. Осы бір ғибратты сөз босағаның берік, шаңырақтың биік болуын, халық санының көбейіп, қоғам байлығының еселеп артуына тигізер ықпалы бар болғандықтан да отбасын шағын мемлекетке теңесе керек. Өкінішке қарай түрлі жағдайларға байланысты шаңырақтың шайқалып, бейкүнә сәбилердің жаутаңкөзге айналып жататын кездері де аз емес. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына

тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген.
Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы баска. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.
Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің карсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін коркыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлык жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін.

**Мектеп психологы Б. Кенжебаева** құрметті ата-аналар,
ғалымдар зорлык- зомбылықтың бірнеше түрін көрсетеді ; физикалык ,психологиялык, экономикалык , сексуалдык ж\е т.б

***<u>Физикалық зорлық-зомбылық:</u>***

Түрткілеу, шымшу, алаканмен немесе жұдырықпен не болмаса баска да нәрселермен ұру, шашын жұлу, ешкайда шығармау, тұншықтыру, соққыға жығу, ұрып – соғу, кару- жарақ колдану, отпен зақымдау,кабырғаға соғу,заттарды лақтыру.
Күш көрсету зорлық – зомбылығынан кейін балалардың мінез – құлығындағы байкалатын өзгерістер:

• балалар ересектерден, ата – аналарынан үнемі коркатын болады:
• балалар агрессивті, тез ашуланғыш немесе тұйык болады;
• карым – катынас дағдысы баяу дамиды:
• окуда туындайтын қиыншылыктар: үлгермеушілік, жинакылык касиетінің жоктығы, тіл дамуының баяулығы;
• үйден кашуы немесе құқықбұзушылыкка бейім болуы;
• кездейсок дене жаракатына тап болу себебін түсіндіре алмауы
:• икемсіз козғалуы мен дене мүшелерінің ауыруы;
• кажеттілік болмаса да денесін киіммен бүркеуі;
• нашар баға алғаннан кейін үйге кайтуға жігерсіздігі.

***<u>Психологиялық зорлық-зомбылық:</u>***

Сөзбен кемсітушілік, көңілге тиетін лакап атпен атау, ұрысу,бопсалау, намыска тиетін сөз айту,корлау, айғайлау, дауыс көтеру, келеке қылу, өсек айту, үнемі сынау, бұйрық беріп кысым көрсету, аңду; жәбірленушінің кызметін бакылау; жәбірленушінің араласатын ортасын бақылау; зәбірленушінің әр түрлі орындарын (әлеуметтік және медициналық көмегін, жолкөлігін, достарымен араласуын, білім алуын, жұмысын және т.б.) бақылау.
Психологиялык зорлык – зомбылык кезінде баланың мінез – құлкында кездесетін келеңсіздіктер:

• мазасыздык немесе қобалжу;
• ұйқының бұзылуы;
• тәбеттің төмендеуі;

• ұзақ уақыт дегбірсізденуі;

• эксцентременталды мінез – құлықтың пайда болуы;

• өз – өзіне қол жұмсау немесе қауіп – қатері;

• басқа да адамдармен дұрыс қарым – қатынаста болмауы;• ең төменгі бағаға ие болу.

__*Экономиялық зорлық-зомбылық*__ — адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру, бұл дене саулығының және (немесе) психикалық денсаулығының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.
Ақшаны тартып алу және тек сұранысына немесе қажеттілігіне қарай (кітап, дәптер, қалам сатып алуға) шектеп қаражат беру, сыныптас достарының туған күндеріне ақша жинау, сондай – ақ дүкендерге барғанда ақша жұмсауына үнемі қадағалау жүргізу сияқты жәбірлеудің бұл түрі де зорлық – зомбылыққа жатады.

Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің асты құндылықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек.
«Балалардың өмір сапасын жақсарту – ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті болып қала бермек» деп сөзін аяқтады.

**Шешім:**

- Кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол салу, зорлық-зомбылық пен әлімжеттілік жағдайларының , ерте жүктіліктің алдын алу, ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

Мектеп директоры: Г. Бекжанова
Хатшы: А. Тасқулова

## МӘЛІМЕТ

**Ошақты ауыл әкімшілігіне қарасты № 52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің мобильді топтың мүшелерімен түнгі профилактикалық іс-шара қорытындысы туралы**

**Қаратал елді мекені** **27.10.2022 жыл**

2022 жылдың қазан айының 27 жұлдызы күні, Ошақты ауыл әкімшілігіне қарасты, Қаратал және Бақышсай елді мекендері бойынша С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің мобильді топтың басшысы М. Кузенбаева, мүшелері С. Орынбеков, У. Шуменов, А. Айдархан бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы заңнаманың 22 - 1- бабы 1- тармағына сәйкес, кәмелетке толмағандардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағанның өмірі мен денсаулығы үшін қатер төнген кезде арнаулы мекемелермен ұйымдардың қызметкерлері оның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды шұғыл қабылдауға міндетті деп көрсетілген талабы негізінде, ауыл ішіндегі көшелерде кәмелет жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылық - тардың алын алу мақсатында, түнгі уақытта жасөспірімдермен қараусыз немесе беймезгіл жүріп тұруының алдын алу мақсатында рейд жүргізілді.

Жүргізілген рейд барысында , кәмелет жасқа толмағандардың ешқандай құқық бұзушылық және кешке жүрген фактілері кездескен жоқ.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары** **М. Кузенбаева**

**А Н Ы Қ Т А М А**

**Ошақты ауыл әкімшілігіне қарасты № 52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің мобильді топтың мүшелерімен түнгі профилактикалық іс-шара қорытындысы туралы**

**Қаратал елді мекені** **20.12.2022 жыл**

2022 жылдың желтоқсан айының 20 жұлдызы күндері, Ошақты ауыл әкімшілігіне қарасты, Қаратал және Бақышсай елді мекендері бойынша С. Бегалин атындағы негізгі орта мектебінің мобильді топтың басшысы М. Кузенбаева, мүшелері С. Орынбеков, У. Шуменов, Д.Сакказиев, Ж. Жакып бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың кадағалаусыз және панасыз калуының алдын алу туралы заңнаманың 22 - 1- бабы 1- тармағына сәйкес, кәмелетке толмағандардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағанның өмірі мен денсаулығы үшін қатер төнген кезде арнаулы мекемелермен ұйымдардың кызметкерлері оның жеке қауіпсіздігін камтамасыз ету жөніндегі шараларды шұғыл кабылдауға міндетті деп көрсетілген талабы негізінде, ауыл ішіндегі көшелерде кәмелет жаска толмағандар арасында құқык бұзушылық -тардың алын алу максатында, түнгі уақытта жасөспірімдермен караусыз немесе беймезгіл жүріп тұруының алдын алу максатында рейд жүргізілді.

Жүргізілген рейд барысында , кәмелет жаска толмағандардың ешқандай құқық бұзушылық және кешке жүрген фактілері кездескен жок.

**Директордың тәрбие ісі**
**жөніндегі орынбасары** **М. Кузенбаева**

**А Н Ы Қ Т А М А**

**Ошақты ауыл әкімшілігіне қарасты № 52С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің мобильді топтың мүшелерімен түнгі профилактикалық іс-шара қорытындысы туралы**

**Қаратал елді мекені** **22.01.2023 жыл**

2023 жылдың қаңтар айының 22 жұлдызы күні, Ошақты ауыл әкімшілігіне қарасты, Қаратал және Бақышсай елді мекендері бойынша С. Бегалин атындағы негізгі орта мектебінің мобильді топтың басшысы М. Кузенбаева, мүшелері С. Орынбеков, У. Шуменов, Д.Саккaзиев, Ж. Жақып бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы заңнаманың 22 - 1- бабы 1- тармағына сәйкес, кәмелетке толмағандардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағанның өмірі мен денсаулығы үшін қатер төнген кезде арнаулы мекемелермен ұйымдардың қызметкерлері оның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды шұғыл қабылдауға міндетті деп көрсетілген талабы негізінде, ауыл ішіндегі көшелерде кәмелет жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылық - тардың алын алу мақсатында, түнгі уақытта жасөспірімдермен қараусыз немесе беймезгіл жүріп тұруының алдын алу мақсатында рейд жүргізілді.

Жүргізілген рейд барысында , кәмелет жасқа толмағандардың ешқандай құқық бұзушылық және кешке жүрген фактілері кездескен жоқ.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары** **М. Кузенбаева**

# А Н Ы Қ Т А М А

**Ошақты ауыл әкімшілігіне қарасты № 52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің мобильді топтың мүшелерімен түнгі профилактикалық іс-шара қорытындысы туралы**

**Қаратал елді мекені** **23.04.2023 жыл**

2023 жылдың сәуір айының 23 жұлдызы күні, Ошақты ауыл әкімшілігіне қарасты, Қаратал және Бақышсай елді мекендері бойынша №52 С. Бегалин атындағы негізгі орта мектебінің мобильді топтың басшысы М. Кузенбаева, мүшелері С. Орынбеков, У. Шуменов, Д.Сакказиев, Ж. Жақып бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы заңнаманың 22 - 1- бабы 1- тармағына сәйкес, кәмелетке толмағандардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағанның өмірі мен денсаулығы үшін қатер төнген кезде арнаулы мекемелермен ұйымдардың қызметкерлері оның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды шұғыл қабылдауға міндетті деп көрсетілген талабы негізінде, ауыл ішіндегі көшелерде кәмелет жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылық -тардың алын алу мақсатында, түнгі уақытта жасөспірімдермен қараусыз немесе беймезгіл жүріп тұруының алдын алу мақсатында рейд жүргізілді.

Жүргізілген рейд барысында , кәмелет жасқа толмағандардың ешқандай құқық бұзушылық және кешке жүрген фактілері кездескен жоқ.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары** **М. Кузенбаева**

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
комуналдық мемлекеттік мекемесі

# "Қатыгездік пен зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" акциясы

2022-2023 оқу жылы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ «№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **№314** **ПРИКАЗ**

**Қаратал ауылы** **«11» «11» 2022 жыл**

**«Қатыгездіксіз және зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық акция өткізу туралы**

Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 10.11.2022 жылғы №1135 шығыс хатын негізге ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2022 жылы 08-10 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және **зорлық- зомбылықсыз балалық шақ»** республикалық ақпараттық акциясы өткізілсін.

2. Осыған орай атқарылған іс-шаралар бойынша жұмыстарды ұйымдастырып, атқарылған жұмыстар туралы мәліметті тәрбие әдіскері kairzhan_31@bk.ru электронды поштасына **21 қарашаға** дейін *(мәлімет, фото дәлелдемелерімен)* жолдансын.

**3.** Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Г. Бекжанова**

**"Бекітемін"**
**Мектеп директоры:**
**Г. Бекжанова**

## №52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің "Зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" онкүндік іс-шара жоспары

**2022-2023 оқу жылы**

| № | Іс-шара мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Жасөспірім және көше (кешкі рейд жүргізу) 1-9 сыныптар арасында | 09.11.2022 | ДТІЖО М. Кузенбаева<br>Сынып жетекшілер<br>Психолог Е. Құрбанбеков |
| 2 | «Біз әлемді өзгертеміз, зорлықсыз әлемді қалай құруға болады» (эссе жазу ) 5-8 сынып | 10.11.2022 | ДТІЖО М. Кузенбаева<br>Қазақ тілі мұғалімі<br>Б. Тулекова |
| 3 | «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» (шығарма сайысы) 9сынып | 11.11.2022 | ДТІЖО М. Кузенбаева<br>Қазақ тілі мұғалімі<br>Б. Тулекова |
| 4 | «Әр қашан күн сөнбесін» (Сурет көрмесі) 2-6 сынып | 14.11.2022 | Сурет пәнінің мұғалімі<br>Психолог<br>Тәрбие ісінің меңгерушісі |
| 5 | «Салауатты өмір салтын қолдау,денсаулық сақтау қызметкерлерімен кездесу» 5-9 сыныптар арасында. | 15.11.2022 | ДТІЖО М. Кузенбаева<br>Мектеп медбикесі. |
| 6 | «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын алу» лекция. 5-9 сыныптармен кездесу | 16.11.2022 | Мектеп инспекторы<br>[illegible]<br>ДТІЖО М. Кузенбаева |
| 7 | «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» (тест) 7-9сыныптар | 17.11.2022 | ДТІЖО М. Кузенбаева<br>Сынып жетекшілер<br>Құрбанбеков |
| 8 | Психологиялық тренинг | 18.11.2022 | Психолог Е. Құрбанбеков |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М. Кузенбаева


6-сынып
Зайт
Нұрсая
ӘРҚАШАН
КҮН
СӨНБЕСІН!


Әрқашан күн сөнбесін
4-сынып
Аяс Балерке


Әрқашан күн сөнбесін